



Мұсабаев Қуандық

1898 жылы Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Жиделі ауылында дүниеге келген. 1914-1917 жылдары Батпаққарадағы Қараторғай болыстық 4 сыныптық қазақ-орыс мектебін бітірген. 1920 жылы осы мектепте мұғалім болған. 1928 жылы әлді байлар қатарына тартылып, 1929 жылы «Батпаққара көтерілісіне» қатысты деп, қуғын-сүргінге түседі. Одан ақталып шығады. 1942 жылы Торғай АӘК-нан әскер қатарына алынып, 374-атқыштар дивизиясының 1224-атқыштар полкі құрамында снайпер-жауынгер болып, Ленинград майданына қатысқан. 1943 жылы жараланып, әскер қатарынан босап елге келеді. Ленин атындағы колхозда бригадир, кейін «Коммунизм жолы» совхозында малшы болған. Жауынгерлік ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. 1983 жылы 20 тамызда қайтыс болған.

